

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

сөйтіп, қуғынға түседі. Бірақ Жиёмбет жырау хан алдында бас имейді, өктем сөйлейді, өзінің кім екенін, өзі кетсе, ханның «ит түрткі көретінін, «Жиёмбет қайда?» деп сұраған елге жауап бере алмай, масқара болатынын айтады. Осыған ұқсастықты Абылай хан тұсында Бұқар жыраудан, Түрік қағанатында үш қағанға кеңесші болған абыз Тоныкөктің басынан өткен оқиғалардан да көруге болады.

Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты Білігінде»:

Сөйледі Елік: — Ұқтым. Шын сөз айтқаның,

Сөзің жұпар. Тура сөйлеп, қайтпадың.

Іс істеуші тек ісімен жүреді,

Ал сапасын көрушілер біледі.

Мен — істеуші, сен — көруші, қарасаң,

Көрушіден істеуші алар бағасын!

-деп хан мен бектің арасындағы қатынастарды шебер суреттей алған. Мұнда хан – Елік істеуші, яғни бұйрық беруші, ал бек сол бұйрықтың сапасын білетін адам, сондықтан «көрушіден істеуші алар бағасын» деп, бектің рөлін аса жоғары қояды. Секең Үмбетай жырау жөнінде айтқанда: ол ханмен тең тұр, тіпті кей кезде одан да жоғары көрінеді. Ол қалмақтармен болған ірі шайқастарды еске түсіріп, сол ұрыстарда жанқиярлықпен соғысып, дұшпанды жеңуге шешуші үлес қосқан батырларды атайды да: «Ұмыттың ба соны, Абылай?» деп, ханға қайта-қайта сұрақ қойып, оның жадын жаңғыртып отырады» - деп, жыраудың өзін ханмен тең дәрежеде ұстағанын айшықтайды.

Жалпы қорыта келгенде, Секең ғылымда фольклор пен ұлттық тарихты талағыс ретінде тығыз байланыстыра отырып, жаңа концептуальды тұжырымдар жасады және осы отандық ғылымның бұл салада ілгері қарай дамуына тың серпін берді.

**МРНТИ 17.71.01**

## **СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ**

**Жанат Аймұхамбет,**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

**Андатпа.** Академик С.Қасқабасов мұрасының маңызды бір саласы мифологияға, фольклордағы миф жанрына қатысты екені белгілі. Мақалада ғалымның мифті фольклор жанры ретінде зерттеуі айтылады, маңызды ғылыми тұжырымдары жүйеленеді.

**Аннотация.** Известно, что одна из важных сторон научного наследия академика С. Каскабасова связана с мифологией и мифом как жанром фольклора. В статье рассматривается

исследование ученым мифа как фольклорного жанра, систематизируются его важнейшие научные выводы.

**Abstract.** It is well known that one of the important aspects of academician S. Kaskabasov's scholarly legacy is related to mythology and the myth as a folklore genre. The article discusses the scholar's study of myth as a folklore genre and systematizes his key scientific conclusions.

Ұлттық фольклортанудың көкжиегін кеңейткен іргелі зерттеулер академик Сейіт Қасқабасовтың есімімен байланысты. Ғалымның фольклор үлгілерін әлемдік озық әдіснама ұстанымдарымен кең ауқымда қарастырған еңбектерінің қазақ ғылымы үшін маңызы зор болды.

Фольклор туралы ғылымның тарихы басқа ғылымдармен салыстырғанда ертерек қалыптасқан деуге болады. Алғашқы сатысы – фольклор мұрасының жиналуы, қағаз бетіне түсуі осыдан үш ғасырдан астам уақытқа тән. Ал миф туралы әңгіменің тамыры тіптен әріде. Бұлай дейтін себебіміз – антика дәуірінің ойшылдары көбірек назар аударған осы миф ұғымы болды.

Ғылыми деректемелерге сүйенсек, миф туралы ғылым «мифология» деген дербес атаумен XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында қалыптасты. Әуелі ол үнді-еуропалық тіл білімінің салыстырмалы-тарихи бағытымен дамып, соның әдіс-тәсілдерін басшылыққа алды. Кейіннен миф баяндарына әдебиеттанушылар мен фольклортанушылар назар аударып, өз аспектілерінде талдауға кірісті.

Миф туралы ғылым «мифология» деген дербес атаумен XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында толық қалыптасты. Әуелі ол үнді-еуропалық тіл білімінің салыстырмалы-тарихи бағытымен дамып, соның әдіс-тәсілдерін басшылыққа алды. Кейіннен миф баяндарына әдебиеттанушылар мен фольклортанушылар назар аударып, өз аспектілерінде талдауға кірісті.

Миф философиясы ең әуелі неміс романтиктерінің еңбектерінде жарқын көрініс тапты. Ағайынды Яков мен Вильгельм Гриммдер, ағайынды Август пен Фридрих Шлегельдер, Фридрих Шеллинг, Максимилиан Мюллер, Клод Леви-Стросс, Бернар Фонтенель, Дж.Вико, Э.Кассиер, Э.Тэйлор, Ф.Ницше, А.Бергсон және т.б. сынды мифтанушы ғалымдар тобының ғылыми зерттеулерінде миф басты нысанға алынды.

Қазақ дүниетанымындағы мифология мәселесін арнайы қарастыру – оның құрылымы мен мазмұнын ашу, мәні мен мағынасын айқындау және эстетикалық-этикалық дүниелік толғаныстарының буыны ретінде тани білу де маңызды зерттеулердің бірі болды. Қазақ мәдени жадындағы және сөз өнеріндегі мифтік таным іздері Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Тұрсынов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, С.Қасқабасов, Н.Уәлиев, С.Ақатаев, А.Сейдімбек, С.Қондыбай және т.б. сынды қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде бар. Осы аталған зерттеушілердің ішінде мифтің ғылыми-теориялық негіздемелерін жүйелеп, фольклордың бір жанры ретінде зерттеген Сейіт Қасқабасов есімін ерекше атаймыз.

С.Қасқабасовтың 1984 жылы жарыққа шығып Ш.Уәлиханов атындағы ғылым саласындағы сыйлықты алған «Қазақ халық прозасы» атты монографиясында әлемдік маңызға ие болған мифология, миф туралы сөз қозғалады. Мифті фольклор жанрының бірі әрі бастауы ретінде зерделеген ғалым: «Осы күнге дейін біз қазақ фольклорында миф жанры бар деп айтпаппыз. Көбінесе мифологиялық түсініктер, мотивтер, кейіпкерлер бар деп жалпылама түрде айтып, сырғып өтеді екенбіз. Оның басты себебі, біздің ойымызша, миф жанрын еуропалықтарша түсінгендіктен», – дейді [1, 72].

Миф туралы ғылыми тұжырымы осылай басталып, ары қарай әлем халықтары мифологиясымен салыстыра қарастырады. Миф туралы шет елдік ғалымдар зерттеулеріндегі тұжырымдарды жинақтай келе үлкен екі топқа бөледі. Ғалым атап көрсеткен екі анықтама да миф туралы толық ақпарат береді, оның табиғатын танытады.

Ең маңыздысы – С.Қасқабасов мифті қазақ фольклортануы призмасынан зерделеп: «әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар. Типологиялық сипатына орай қазақ мифі ежелгі классикалық мифтер түріне жақын» [1,73], – деген тұжырымға келеді. Ғалымның бұл тұжырымын көрнекті мифолог ғалымдардың еңбектеріндегі зерделеулермен салыстыра отырып толығымен мақұлдаймыз. «Поэтика мифа» атты әйгілі еңбектің авторы Е.Мелетинский ежелгі классикалық мифтердің сипатын ғылыми тұрғыда «заттың мәнін оның пайда болуымен байланыстыру, яғни оның жаратылысын түсіндіру, қалай пайда болғанын әңгімелеу; ал қоршаған дүниені сипаттау – сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау» [2, 81] деп тұжырымдаса, С.Қасқабасов осы тұжырымды тереңдетіп, бекітеді және классикалық мифке тән басқа да белгілерді де атап көрсетеді. Олар: мифтік уақыт және мифтік сана, мифтік ұғым мен мифологиялық ойлау. Осы белгілерге сүйене отырып, мифтік дәуірде аспан мен жерді адам мен табиғатты бір деп түсінген таным қалыптасқанын, сөйтіп «ежелгі классикалық мифтің мазмұны – әлемнің жаратылуы, алғашқы адамның дүниеге келуі мен оның жасампаздығы» екенін дәйектейді [1,73]. Бұл белгілердің қазақ мифіне де тән екенін мысалдармен көрсетіп, қисынды ғылыми талдаулармен көрсетеді.

Ғалым С.Қасқабасов сондай-ақ қазақ мифі – алғашқы қауымға тән австралиялықтар мен африкалықтар, солтүстік азиялықтар мен американдықтардың көне мифі мен антикалық Греция, Рим, сондай-ақ ежелгі Египет, Үнді, Қытай, Вавилондықтар мифологиясының ортасындағы аралық жанр деген тұжырымды ұсынады.

Миф зерттеушілерінің пікірі бойынша, миф таза түсінік күйінде кездесе бермейді. С.Қасқабасов осы тұжырымды негізге ала отырып, фольклорлық прозаның басқа жанрларындағы мифтік сипатты танытады. Ғалымның пайымдауы бойынша, қазақ фольклорындағы мифологизмнің көріністері

дегенде, ең алдымен ертегілерді, аңыз, хикаяларды, сонан соң тұрмыс-салт жырларын, эпостарды, ырым-тыйымдарды еске алуға болады.

Көне ертегілер мен алғашқы қауымдық мифтердің ара жігін ажырату қиын. Ертегілердің мифтік нанымдар негізінде туғанына зерттеушілердің көпшілігі күмән келтірмейді. Өйткені, көне ертегілер мен алғашқы дәуірдегі мифтер арасындағы оқиғалар желісі бір-бірімен үндесіп отырады. Әлемдік әдебиетке назар салсақ, мифологиялық ойлау адам санасында сәулеленіп, сол арқылы фольклорлық туындыларға сіңісіп кеткенін көреміз. Мифологиялық ойлаудағы басты нысан – табиғат пен адам. Бұл екеуі бір-бірімен ажырағысыз бірлікте. Табиғат та тірі рух деген түсінік мифтік санаға тән анимистік сенімді еске түсіреді. Мифтік сананың өзін С.Қасқабасов: «Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осыдан барып оның негізі болып теңдік заңы саналады [Закон тождества]. Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастады» [1,68] деп көрсете отырып, миф теориясына қатысты маңызды тұжырымдарды ұсынады.

Мифтік санаға тән мифтік құбылушылық сипаты С.Қасқабасов тұжырымында жіктеліп көрсетілген. Мифтік құбылушылық алғашқы кезеңде мақсатсыз, кейінгі кезеңде мақсатты болып келеді деп түйген ғалым, бұл пікіріне нақты мысалдарды әлем және қазақ мифтік баяндарынан ұсынады [1,75-77] .

С.Қасқабасовтың мифологияға қатысты тұжырымдарын былайша жүйелеп көрсетуге болады:

Миф – ежелгі дүниетаным, көне руханият;

Архаикалық мифті сипаттайтын белгілер қатарында мифтік сана және мифтік уақыт, мифтік ұғым мен мифологиялық ойлауды атаймыз;

Мифтік дәуірге тән ұғым – теңдік заңы, адам мен табиғат бір деген түсінік-таным;

Ежелгі классикалық мифтердің мазмұны – космостың жаратылуы, алғашқы адамның пайда болуы және оның жасампаздығы;

Архаикалық мифтің алғашқы және кейінге кезеңіне сәйкес мифтік сананың да екі сатысы бар;

Архаикалық мифтің жанр ретіндегі тағы бір ерекшелігі – танымдық мәні зор, көркемдігі қарапайым болып келеді;

Мифтік санаға рух пен табиғаттың бірлігі тән, сондықтан адам мен табиғаттың, адам мен жан-жануарлардың арасына жік қойылмаған, мифтік құбылушылық осы сенімнен туындаған;

Бұл тұжырымдар ғалымның мифология саласына сүбелі үлес қосқанының дәлелі.

Академик ғалымның мифологияға қатысты құнды тұжырымдары мұнымен шектелмейді. Бұл мәселе алдағы уақытта өз алдына жекелей зерттеуді қажет ететінін баса айтқымыз келеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
2. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1976. – 315 с.

**МРНТИ 17.71.01**

## **ҰСТАЗ ЖОЛЫ: ЕРІК-ЖІГЕР МЕН ПАРАСАТ БІРЛІГІ**

*Алмасбек ӘБСАДЫҚ*, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қостанай, Қазақстан  
(E-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru))

**Аңдатпа.** Мақала көрнекті ғалым, академик С.Қасқабасовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы» атты көлемді мақаласының ғылыми мән-маңызын талдауға құрылған. Аталған ғылыми еңбек қазақ фольклортану ғылымының XIX ғасырдың екінші жартысындағы кезеңін сол дәуірдің саяси-экономикалық, мәдени даму үрдісінде қалыптасқан объективті жағдай шеңберінде қарастырып, қазақ фольклорын жинап жариялаған кісілердің және оны академиялық мақсатта зерттеген ғалымдардың еңбектеріне, баспаханалардан шыққан жеке кітаптар мен мерзімді басылымдарда жарық көрген фольклорлық шығармалардың үлгілеріне тоқталады. Мақалада ғалымның ой-тұжырымдары бүгінгі таңдағы зерттеулерде жалғасын тауып жатқанына басты акцент беріледі.

**Abstract.** The article is based on the analysis of the scientific content of the voluminous article "Kazakh folklore studies in the second half of the 19th century" by the prominent scientist, academician S. Kaskabasov. This scientific work examines the period of Kazakh folklore studies in the second half of the 19th century within the framework of the objective situation that developed in the process of political, economic, and cultural development of that era. There, he focuses on the works of those who have collected and published Kazakh folklore and scholars who have studied it for academic purposes, as well as examples of folklore works published in individual books and periodicals published by publishing houses. The article emphasizes that the scientist's ideas continue to be pursued in today's research.

Академик Сейіт Қасқабасовтың қазақ фольклортану ғылыммен ұштасқан шығармашылық ғұмырнамасы – телегей теңіздей, қалың ормандай тұтасқан бір дәуір. Ол қазақ руханиятын жандандыру және зерделеу мұратында жарты ғасырдан астам уақыт белсенді, жемісті қызмет жасады. XX ғасырдың орта шенінде қазақ фольклоры мен әдебиеттану ғылымында жемісті еңбек еткен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, З.Ахметов сынды ғалымдардың өрелі өнегесін, тағылымы толағай көрікті көшін ғылымға деген адалдығы және тұлғалық қадыр-қасиеті арқылы тәуелсіздік кезеңіне баппен, байыппен жалғастырды.

«Нар жолында жүк қалмас» дегендей, ғалымдардың жазылған керегедей қалың буыны ауысқан, қасаң кеңестік идеология тәуелсіздіктің мақсат-мұратына жол берген «өтпелі кезеңде» ауыр жүкті көтеретін «қара нар» іспетті қадыр-қасиетті, аманат миссияны атқарды. Қазақ фольклорының сан тарау саласына